



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егінжай – 2025

Ауыл шаруашылығы: экспорт көлемі артқан

Өткен маусым еліміздің ауыл шаруашылығы саласы үшін табысты болды. Су тапшылығына қарамастан қамба астыққа толып, ауыл шаруашылығы өндірісі тұрақты өсімін көрсетті. Агротехникалық шараларды қатаң сақтау жоғары өнімнің басты кепілі екеніне шаруалардың көбі көз жеткізді. Екі жыл қатарынан алынған нәтижелер өнімділіктің қолданылып жатқан технологияларға тікелей тәуелді екенін нақты дәлелдеп берді. Осы жыл тек дәнді дақылдар бойынша ғана емес, сонымен қатар бұршақты және майлы дақылдар сияқты жоғары рентабельді әрі сұранысқа ие дақылдар тұрғысынан да рекордтық жыл болды. Бұл дақылдарға егіс алқаптарын әртараптандыру шеңберінде ерекше назар аударылды. Олар тек табысты емес, сонымен бірге топырақтың құнарын арттырып, ауыспалы егісті жақсартты. Мысалы, бұршақ дақылдары топырақты азотпен байытып, кейінгі дақылдардың өнімділігін арттырады.

Биыл 16 млн гектар алқаптың гектарына 17 центнер орташа өнімділікпен 27 млн тонна астық қамбаға күйылды. Бидай 12,2 млн гектардан жиналып, 20,3 млн тоннасы бастырылды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда жарты миллион тоннаға көп. Егіс алқаптарын әртараптандыру нәтижесінде бидайдың егіс көлемі шамамен 900 мың гектарға қысқарғанымен, өндіріс көлемі азаймай, керісінше артты. Бұл озық агротехнологиялардың тиімділігін тағы да дәлелдеді. Биыл мұнан бөлек 4 млн тоннаға жуық арпа жиналған. Бұршақ дақылдарының түсімі алғаш рет 1 млн тоннаға жетті. Майлы дақылдар бойынша қазірдің өзінде рекордтық 4,3 млн тонна жиналды. Сондай-ақ 2,9 млн тонна картоп, 3,8 млн тонна көкөніс, 2,6 млн тонна бақша дақылдары жиналды.



Мақта жинау жұмыстары да аяқталған. Тамшылатып суаруды қолдану нәтижесінде кейбір шаруашылықтар гектарынан 50 центнерге дейін өнім алды. Жалпы алғанда орташа өнімділік 30 центнер деңгейінде қалыптасып, 428 мың тонна шитті мақта жиналды. Өткен жылмен салыстырғанда көлемі 42 пайызға көбейген. Осыған байланысты өнімділіктерге мақта өсірудің дәстүрлі тәсілдерінен озық және тиімді технологияларға көшу бойынша жұмысты күшейту тапсырылды.

Иә, фермерлердің агротехнологияларды сақтауына ең алдымен мемлекеттік қолдау тетіктері зор әсер етті. Биыл ерте жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы аясында қаржыландыру көлемі алғаш рет 1 трлн теңгеге жетті. Вегетациялық кезеңнің қорытындысы бойынша 1,8 млн тонна минералдық тыңайтқыш өңгізілді, бұл ғылыми негізделген қажеттіліктің 56 пайызын құрайды. Элиталық тұқымдардың үлесі 9,5 пайыздан 11,5 пайызға өсті. Министрлік ерте қаржыландыру бағдарламасы келер жылы да жалғасатынын айтады.

Қазан айынан бастап 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына өтінім қабылдау басталды. Қарашаның екінші онкүнді-

гіннен бастап шаруаларға револьверлік несиесі беру ашылады. Бұл бір кепілдікпен жыл сайын несиесі алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар көлемі 250 млрд теңгеге жеткен жеңілдетілген лизинг бағдарламасы арқылы техника жаңарту қарқыны 6,5 пайызға жетіп, екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы техникасының тозуы 80 пайыздан 70 пайызға дейін төмендеді. Негізгі астық өндіруші өңірлерде жүргізілген талдау агротехнологияларды сақтау мен өнімділік арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетті. Мысалы, барлық шаруашылықтың шамамен 60 пайызы гектарынан 15-30 центнер өнім алса, ал 8 пайызы 30 центнерден аса өнім жинады. Осылайша республика бойынша орташа өнімділік гектарынан 17 центнер деңгейінде қалыптасып, өткен жылмен салыстырғанда 5 пайызға жоғары болды. Дегенмен шаруашылықтардың шамамен 12 пайызында өнімділік әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Аталған шаруашылықтар агротехнологияны жоғары деңгейде қолдану қажет.

Алынған астық өнімі ішкі қажеттілікті толық қамтамасыз етеді, бір жағынан экспорттық әлеуетті де сақтап қалуға мүмкіндік береді. Өткен маусымда астық экспорты 47 пайызға артып, 13,4 млн

тоннаға жетті. Бұл өсімге экспорттық субсидиялау бағдарламасы айтарлықтай ықпал етті. Экспорт көлемін тұрақты ұстау мақсатында бағдарламаның мерзімі 2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін ұзартылды. Биыл қазақстандық астық Бельгия, Португалия, Польша, Норвегия, Ұлыбритания, Вьетнам, Біріккен Араб Әмірліктері және Солтүстік Африка, Марокко, Алжир, Египет елдеріне жеткізілді. Иран, Әзербайжан, Армения және Грузия бағыттарына экспорт қайта жанданды. Қазірдің өзінде жаңа өнімнен шамамен 2,2 млн тонна астық экспортталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 21 пайызға көп.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде астықты терең өңдеу бойынша 5 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар нәтижесінде нарықтан қосымша 2,5 млн тонна астық тартылады. Астық сақтау сыйымдылығы республика бойынша 30,7 млн тоннаны құрайды, оның ішінде лицензияланған кәсіпорындарда – 13,3 млн тонна, шаруаларда – 17,4 млн тонна. Жаңа өнімнен элеваторларға 7,7 млн тонна астық тапсырылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда екі есе көп. Сақтауға тапсырылған жұмсақ бидайдың 53 пайызы жоғары сапалы, 35 пайызы – төртінші сынып, 12 пайызы – төменгі сынып және сыныпсыз астық.

Қазір келер жылдың көктемгі егіс науқанына дайындық жұмыстары басталып кетті. Алдағы жылы да егіс алқаптарын әртараптандыру бағдарламасы жалғасады. Басымдық жоғары рентабельді және экспортқа бағытталған дақылдарға беріледі. Ал суды көп қажет ететін дақылдар көлемі қысқарады. Келер жылдан бастап әртараптандыру көрсеткіштерін орындауға бақылау күшейтіледі.

Келесі маңызды бағыт – тұқымдық материалды сапалы дайындау. Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша, жалпы қажеттілік 2,3 млн тоннаны құрайды, оның 96 пайызы дайындалған. Өнімділіктерге тұқым сапасын тексеруді қазірден бастау қажет. 2026 жылы 2,3 млн тонна минералдық тыңайтқыш өңгізу жоспарланған. Қажетті көлемдер бойынша келісім-шарттарды уақытında жасап, қоймаларды дайындау қажет. Техниканы жаңарту да басты назарда. Келер жылы жаңарту жоспары 8 пайызды құрайды.

Сыр диқандары да өткен маусымды жоғары табыспен қорытындылады. Әсересе аграрлық аудан Жалағашта ауыл шаруашылығында жоғары нәтижеге қол жеткізілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Өнер

Қылқалам шебері

Қала көшелерін аралап жүрсеніз, кейде қабырғалардағы суреттер көзге шалынады. Бұл – стрит арт. Ол тек әдемілік үшін ғана салынбайды, көбіне қоғамға ой салу, пікір айту мақсатында жасалады. Кейбір суреттер ойландырады, тіпті әлеуметтік мәселелерді көрсетеді. Стрит арт – қала өмірінің бір бөлігі, әр сурет өз тарихын айтады. Ауданда бұл бағытта жұмыс істейтін мамандар санаулы. Солардың бірі – Оралбек Қанибай.



Алты жасынан бастап суретке қызығушылығы оянаған Оралбек осы күні саланың майталманына айналып үлгерген. Оның нөмере ағалары да бұл өнерден құр алақан емес, яғни шебер қаламгерлер.

Бастапқыда аудан үйірмелерінде қабілетін шыңдаған оның тұңғыш ұстазы Жұматай Қорғанбаев болыпты. Танымал есімді құлағымыз шалып, бір маркайдық. Жалағаштық ұстаз бұған дейін де қаншама талантты байқап, ақылын айтып, бағдар берді. Мектепті бітірген соң Қызылорда қаласына оқуға түсіп, «бейнелеу өнері мен сызу» мамандығын игеріп келген. Алғашқы еңбек жолын аудандағы «Оқушылар үйінен» бастаған ол қазір «Мәдениет және спортты дамыту орталығында» суретші, бейнелеу өнерінің тереңіне бойлаған шөкірттерге ұстаз.

Жақында ғана қолданасық берілген орталық стадионның қабырға суреттері де – Оралбектің қол еңбегінің нәтижесі. Ол өз шеберлігімен аудан көркін сендеуге және тұрғындарға өнер ақылы әсер қалдыруға үлес қосып жүр. Бұған дейін аудандық балабақша, шайхана, жеке кәсіпкерлік нысандар мен балалар ойынауық орталықтарының қабырғаларын әсем суреттермен безендірген. Студент шағынан тапсырыстар қабылдап жүрген

жас қылқалам шебері қазір әлеуметтік жепіде белсенді. Портреттерге және қабырға суреттеріне сұраным жақсы. Өнерді ерекше бағалайтын адамдар кейде сыртқы есіктерге арнайы дизайнмен өрнектеп салуға ұсыныс жасайды. Жеке портреттер бағасы 8000 теңгеден басталады, ал қабырға суреттері шаршы метріне есептеліп, 5000 теңгеден ұсынылады. Оралбек Қанибай портрет салуда маңыздысы жұмысты мультфильм стилінде емес, шынайы етіп көрсету екенін айтады. Бір портретке ол шамамен 40-50 минутын жұмсайды.

Жас болса да арманы асқақ, жоспары айқын Оралбек аудандық, облыстық көрме байқауларда бой көрсетіп жүр. Биыл ақын әрі сатира шебері Асқар Токмағанбетовтың 120 жылдығына арналған «Сатира сөйгілігі» атты Сырдария ауданында өткен карикатуралық байқауында 1-орын иеленді. Уақытын тиімді пайдалана білетін жан-жақты тұлғаның өндігі мақсаты – санаулы күннен кейін Жаңақорған ауданында өтетін ұлы ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған облыстық суретшілер байқауында бақ сынау.

Мұхтар Шахановтың тілімен айтсақ, үлкен болып қалу үшін ғаламда, үлкен арман керек екен адамға. Сурет жанрын жаңа деңгейге көтеріп жүр-

ген Оралбектің «суретшілер галереясы» ауданнан ашу туралы тың идеясын естігенде жастық жігердің лебің байқадық. Ол алдағы уақытта көрші Ақсу, Дәуімбай елді мекендерінде әлі жарыққа шықпаған суретшілерді қалыптастырғысы келеді. «Қызылорда қаласында бұған дейін бар, ал аудандар арасынан ашсақ, қаншама талантты танылуына үлкен серпін болар еді» деген үлкен үмітін ақтарып салды.

– Суретші ұшан ең бастысы – фантазия. Салынған суретті көзбен көшіріп салу да бір жұмыс, бірақ ол шынайы шығармашылыққа жатпайды. Өз ойыңнан туып, өз қиялыңмен өрілген, ішкі жан дүниенің шыққан шығарманың орны шын мәнінде ерекше. Мұндай туындылар көрерменге тек сыртқы көрінісі арқылы емес, автордың жүрек түкірінін ұшқан сезімі арқылы әсер етеді, – дейді жас суретші.

Қазір оның шығармашылығында 15 шақты төл туындысы бар. Жеке туындылардың тақырыптары да саналуан. Біреуі ауыл өмірін бейнелесе, өнді бірі тарихи тұлғаларға арналған. Сонымен қатар, әлеуметтік мазмұн асқаққан ашыаршылық тақырыбы да назарынан тыс қалмапты. Әр шығарманың өз айтары бар. Асыл дүниелерін көтеріп тұрған плаңшарт құлап кетпесін дегендей,

қозғалысы да ұқыпты. Ақ бөз матасына салынған суреттерді рет-ретімен көрсетіп жатыр. Түрлі-түсті бояулар шығару үшін арналған тактайшасының беті әлі дымқыл Қарасам, әлі күйіп үлгермеген бір картина.

Жалағаш. Сырдың бойындағы кең далада арқасын кенге салып, ирелендеп ағып жатқан дария. Соңғы уақытта ауданның табиғатын, көрікті жерлерін бейнелеп салуды бастап кеткен.

Шын батырға оны да, солы да бір. Оралбек өлең шығару, әншілік, актерлік, блогерлік қатар алып жүр. Арнайы оқимаса да бұл салаларға деген әуестігі бар. Кино көріп отырып, кейіпкерлердің эмоциясын дәл жеткізу – ол үшін қызық, ерекше шабыт сыйлайтын процесс. Кезінде қатарластары оның қылықтары мен мимикасын байқап, қалжыңдап Джим Керри деп атап кеткен.

Салаға келгеніне бес жылдай уақыт болса да, бүгінде ол біраз тәжірибе жинап үлгерген. Сурет өнерінің қырсырымен де бөлісті. Қазір Оралбек эмальсия мен коллерді араластырып, қабырғаға сурет салып, соңынан түссіз лакпен бояп шығады. Бұл әдіс туындының түрлі ауа райында да сол қалпын сақтап тұруы үшін қажет. Өрине, қымбат материал сапасын арттырып, бояу жарқындығын ұзақ уақыт сақтап тұратынын айтады.

Алдағы уақытта ол үйірме жұмыстарын қайтадан қолға алғысы келеді. Мектептерді аралап, тыңғылықты кірісе, 15-20 оқушыны тартуға болатынына сенімді. Өнерге жүргірімен жақын өзі сияқты жастарды бір ортаға жинап, шығармашылыққа баулуға дайын екенін де айта өтті.

Шынында, Оралбек сияқты жанарында жалын бойында құлшыныс бар жастар ауданға ауадай қажет. Өйткені дәл осындай жастар елдің рухани тынысын жаңартып, өнерге деген сүйіспеншілікті оятады. Қызылорда өңірінде өнді тәй-тәй басып келе жатқан жаңа бағыт Жалағашқа да жетіп, ауданды жаңашылыққа бастап келеді. Бұл бастаманың артында бейнелеу өлеміне шын берілген ізденімпаз жастар тұр. Кейіпкеріміз соның дәлелі. Шығармашылық өрісін кеңейтіп жүрген суретшінің бұл қадамы аудан мәдениетіне серпін берері анық.

Гүлжан ЕСЖАН

Мерей

Статистика – еліміздің тарихи дамуының барлық сатысында түрлі деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайы деректерді ұсынып отырған ғылымның бір саласы. Барлық мемлекеттің өмірінде ресми статистиканың рөлі өсуде. Кез келген салада уақытылы және объективті ақпаратсыз тиімді шешімдер қабылдау мүмкін емес.

Статистика – маңызды сала



Статистикалық органның негізгі міндетінің бірі – барлық пайдаланушыны толық, шынайы және жедел статистикалық ақпаратпен қамту. Қазақстан статистикасының құрылу тарихының тамыры тереңде жатыр. Алғашқы Қазақ мемлекеті Қазақ хандығы туралы статистикалық мәліметтерді растайтын тарихи құжаттар бар. Шу мен Талас өзендерінің бойында (қазіргі Жамбыл облысының аумағында) ең алғаш құрылғанда (1459 жыл) ондағы халық саны 200 мың адамды құраған болатын, ал XV ғасырдың соңына 1 миллион адамға жетті. Алайда заманауи Қазақстанның аумағында тұрақты және орталықтандырылған статистикалық қызметтің пайда болуы XVIII ғасырдың екінші жартысына, яғни Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіру кезеңімен тұспа-тұс келеді.

Қазақстан территориясында құрылған бірінші ресми мемлекеттік статистикалық органға Түркістан губерниялық статкомитеті (құрылу күні 22 қаңтар 1868 жыл) және оған бағынышты Сыр-Дария және Жетісу облыстық статистикалық бюросы жатады. Алайда 1920 жылға дейін Қазақстанда жоғарыда аталған және басқа да жергілікті статистикалық қызметтерді біріктіретін бірде-бір статистикалық орган болған жоқ. Ресей Советтік Федеративтік Социалистік Республика құрамында (1920 жылғы 26 тамыз) Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасы (ҚазССР) құрылуына байланысты Қазақ АССР Үкіметі 1920 жылғы 8 қарашадағы «Қазақ АССР-ның мемлекеттік статистика туралы ережесін» бекітіп, ҚазССР-дың Статистика басқармасы құрылды. Осылайша Қазақстанда бірінші орталықтандырылған статистикалық орган 1920 жылдың 8 қарашасында құрылды және бұл күн Статистика күні деп жарияланды.

Статистиктер еліміздің тарихи дамуының барлық сатысында түрлі деңгейдегі басқарушылық шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретін шынайы деректерді ұсынып келеді. Бүгінде олар жоғары дамыған экономикасы мен әлеуметтік инфрақұрылымы бар кәсіпті мемлекет Қазақстанның табысты дамуы үшін ақпараттық негізді қалыптастырып отыр.

Жаңа әдістер пен технологияларды өндіре отырып, халықаралық стандарттар мен үздік шетелдік тәжірибелердің негізінде мемлекеттік статистиканы жетілдіру арқылы статистиканың жаңа дамыған жүйесіне қол жеткізілді.

Департамент тарихында тәуелсіздік алғаннан кейін алғаш рет 1999 жылы (халық санағының қорытынды мәліметі бойынша облыс халқының саны 624991 адамды құрады), екінші рет 2009 жылы (облыс халқының саны 678794 адам) және 2021 жылы (облыс халқы 814931 адамды құрады) Қазақстан Республикасының Халық санағына қатысуы, сонымен қатар 2006 жылы Бірінші ауыл шаруашылық санағын жүргізуі маңызды оқиға болды. Сонымен қатар бес жылда бір рет жүргізілетін мульти-индикаторлық кластерлік зерттеулерге (МИКЗ) қатысты. ҚР Үкіметі және БҰҰ (ЮНИСЕФ) балалар қорының бірлескен бағдарламасы аясында жаңа денсаулығы, білім және бала тәрбиесі бойынша бірегей зерттеулер жүргізілді. ҚР Президенті жанындағы әйелдер және жанұялық-демографиялық саясат ісі бойынша Ұлттық комиссиясының және ҚР Сыртқы Істер министрлігінің Халықаралық Ынтымақтастық Департаменті өкілдерінің қатысуымен «Турақты дамудың гендерлік мақсаты» конференциясы өтті.

Өздеріңізге белгілі, биыл еліміздің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізілді.

Ауыл шаруашылығы санағы – еліміздің аграрлық секторының құрылымы, ресурстары мен жай-күйі туралы өзекті әрі сенімді деректерді алуға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық байқау. Санақ деректері тиімді мемлекеттік саясат құру, ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет.

Осы тұста Сыр халқының санаққа қатысу белсенділігі жақсы байқалғандығын атап өткім келеді. Бүгінгі таңда статистикалық ақпараттарды жинау және өңдеу барысында жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолданудамыз.

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында Қазақстан дамуының негізгі бағыттарын айқындап берді. Онда Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін нығайту, цифрландыруды ыңдылыққа айналдыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға деген ұмтылысты күшейту керектігі бойынша тапсырымдар берілді.

Өздеріңізге белгілі, қазіргі кезең – цифрлық технологиялардың, онлайн қызметтердің қарқынды даму заманы. «Ақылды» шешімдерді ендіру уақыты. Қазіргі таңда онлайн жобаларын тиімді жүзеге асыру басты мақсаттардың бірі болып табылады.

Цифрландыру бағытындағы жұмыстар статистика саласының эталондық стандарты аясында бағаланады.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ең басты мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану мен жетілдіру арқылы экономикалық бәсекеге қабілетті ету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту.

Осы бағытта респонденттерге қолайлы жағдай жасау мақсатында «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсету аймағы жаңартылып, электронды кезек терминалы орнатылды, ақпараттық кеңес беру мен құжат қабылдау үдерісі оңтайландырылды. Жаңартылған «Бір терезе» аймағы Мемлекеттік статистиканың 105 жылдығына орай сала ардагерлерінің қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Жалпы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында, департамент ғимаратында арнайы мұражай ашылды. Өткенін білмей қазіргі мен болашағын бағалау мүмкін емес. Біз өткенге тәжірибе алып, жастар кәсіби сабақтастықты сақтау және тарихи жадыны дәріптеуді насихаттауға бағыт-бағдар беруге міндеттіміз.

Ұлттық статистика бюросының Мемлекеттік статистикаға 105 жылдығын өткізу жоспарына сәйкес, департамент тарапынан жыл басынан бері бірқатар маңызды іс-шара өткізілді.

Бүгінде ресми статистиканың дамуы мен гүлденуі ісінде мемлекеттік статистика органдарының барлық министрлік пен ведомство, жергілікті атқару органдары, ғалымдар, респонденттермен және басқа да пайдаланушылармен өзара қарым-қатынас құруы өте маңызды іс екенін айта кеткім келеді.

Бір ғасырдан астам тарихы бар, айтулы мереке қарсаңында барша әріптесімді шын жүректен құттықтай отырып, ел игілігі жолында атқарып жүрген еңбектеріңіз жемісті болып, абырой биігінен көріне беріңіздер демекпін.

Қайрат ӘБСҰЛТАНОВ,
Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының
Қызылорда облысы бойынша
департаментінің басшысы

Алтын ұя

Болашаққа бет алған білім ордасы

Сәрсенбінің шуақты таңында Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің табалдырығын аттадық. Бұл білім ордасы – ауданымыздың мақтанышы, талай үздік түлектердің іргетасы қаланған қасиетті ұя. Ішке енген сәттен-ақ жетістіктер тізбегі мектептің рухани тынысын айшықтап үлгерді.

Бұл білім ордасының тарихына көз жүгіртсек, түп-тамыры сонау 1962 жылға барып тіреледі. Алғашқы қоңырау соғылған күннен бері сан ұрпаққа сапалы білім мен тәрбие беріп келе жатқан мектептің әр кезеңі – бір белес, бір тарих. 1999 жылы қоғам қайраткері, мәдениет пен өнердің көрнекті тұлғасы Темірбек Жүргенов есімі беріліп, рухани мәні тереңдеген сәт те ел жадында.

Уақыт сынынан өткен білім ордасы 2015 жылы жаңа ғимаратқа көшіріліп, заманауи талапқа сай 300 орындық кең әрі жарық мектепке айналды. Қазіргі таңда сыныптар соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, оқу процесі жаңаша бағытта дамуда. Мұнда әр бұрыштан ұқыптылық пен ұмтылыстың лебі сезіледі.

Иә, бүгінгі таңда Темірбек Жүргенов атындағы мектеп-лицей – білім мен тәрбиенің, тарих пен жаңашылдықтың тоғысқан ордасы. Мектеп биылғы жаңа оқу жылын үлкен серпінімен қарсы алды. Білім ордасының табалдырығын алғаш рет 100 бүгдіршін аттап, барлығы 829 оқушымен жаңа кезеңге қадам басты. Келер жылы 55 түлек алтын уямен қоштасқалы отыр. Өткен оқу жылында мектеп намысын асқақтатқан 3 «Алтын белгі» иегері мен 8 «Үздік аттестат» иесі түлеп ұшқан болатын. Ал биыл бұл дәстүр жалғасып, 3 шәкірт «Алтын белгіге», 5 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер атанып отыр.

Біліммен бағындырған белес

Жетістігі мен жаңалығы жарасқан білім ордасында әр күн – ізденіс пен даму, ал әр шәкірт – ертеңгі елдің үміті. Мектеп ұжымы биыл да сапалы білім, саналы тәрбие жолындағы еңбегін жалғастырып, талай табысқа жетуді мақсат етуде. Өткен оқу жылы мектеп ұжымы үшін толайым табыспен есте қалды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілген олимпиаданың республикалық кезеңінде 2 оқушы жүлделі орын алып, мектеп мерейін асқақтатты. Ал облыстық кезеңде 10 оқушы үздік нәтиже көрсетіп, пәндік білімнің биігін бағындырды. 3 оқушы арнайы алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар Ауыл мектептері оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадада мектеп мерейі үстем болған. 8 оқушы республикалық деңгейде жүлделі болып, 5 оқушы облыстық кезеңде оза шауып, 1 оқушы арнайы алғыс хатпен марапатталған. Білім мен ізденіс жарысқан бейгеде тағы да жарқын жеңістерге куә болдық. «Бастау» 18-республикалық олимпиадасында 3 бірдей шәкірт жүлделі орын алып, мектеп абайройын асқақтатты. «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсында оқушылар ерекше білім мен ізденіс нәтижесін көрсетіп, республикалық кезеңде 3 оқушы жүлдерге атанса, облыстық кезеңде 16 оқушы үздіктер қатарынан көрініп, 2 оқушы алғыс хатпен марапатталды.

Мектепте білім беру бағыты да жыл сайын жаңа белеске көтеріліп, жоғары жетістіктерімен толығып келеді. Соның айғағы – оқушылардың ғылыми ізденіске деген қызығушылығы мен табысты нәтижелері.

Озат оқушы

Алғыр Рабия

Мектеп – болашақты бағдарлайтын қасиетті орда. Сол білім ордасында талмай оқып, өз күш-жігерін, таланты мен талпынысын көрсете білген шәкірттер бүгінгі күні өз жетістіктеріне жетіп үлгерді. Солардың бірі – Т. Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінің мақтанышы, еңбекқор және дарынды оқушы Рабия Қодар.

Ғылым мен білімге шын берілген Рабия – биылғы мектеп бітіруші түлек. Оның әр күні талпыныспен, ізденіспен өтті, ал нәтижесі – «Алтын белгі». Рабия Әлібқызының табандылығы мен қажыр-қайраты мектептің абайройын да асқақтатты. Былтыр жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға қатысып, орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша республикалық кезеңде 3-орынға ие болды.

«Менің отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы, «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы, Қызылорда облысына 85 жыл толуына орай «Дарын» қосымша білім беру орталығының ақпараттық қолдауымен «Skill» ұрпақдағыларды дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «Сырдың жас ғалымы – 2024» байқауы оқуға құштар Рабияның қатысқан жарыстар тізбегінің бір көрінісі ғана.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиадада 2-орынға тұрақтаған ол бұл байқауды жоғары бағалайды.

– Астана қаласына 30 оқушы барғанбыз. Бір қызығы, олармен өлі де араласып, биылғы ауыл мектептеріне арналып өтілетін олимпиаданы ортақ ашылған



Мәселен, 7-сынып оқушысы Олжас Асылназ «Сырдың жас ғалымы – 2024» байқауының облыстық кезеңінде үздік ғылыми жобасын қорғап, 1-орын иеленді. Ол өз еңбегінде ғылыми-шығармашылық ізденіс пен терең талдауға негізделген жұмысының академиялық артықшылығын көрсетті. Ал 5-сынып оқушысы Ахмет Камила осы байқаудың облыстық кезеңінде ғылыми жобасын сәтті қорғап, 3-орынға табан тіреді. Жас зерттеушілердің бұл жетістігі – мектептің сапалы білім мен ұстаз еңбегінің нәтижесі.

Мектеп тек білім мен ғылымда ғана емес, спорт саласында да биік белестерді бағындырып келеді. Оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, олардың күш-қайратын шыңдау бағытындағы жүйелі еңбектің нәтижесі өз жемісін беруде. Сол жетістіктің бірі – былтырғы оқу жылында 11-сынып оқушысы Ербол Азиз бір тасын көтеруден Әлем чемпионатында жасөспірімдер арасындағы 16-18 жас сатыында 1-орынды жеңіп алды. Бұл – тек жеке жетістік емес, бүкіл мектеп ұжымының, жалпы ауданның зор мақтанышы.

Білім ордасының шәкірттері сөз құдіретін терең ұғынып, тілдің мәйегін сезінуде де озық екенін дәлелдеп келеді. Көркем ой мен әдеби талғамды қатар ұштастырған жас қадам иелері түрлі деңгейдегі байқауларда өз өнерін жоғары дәрежеде көрсетіп жүр. Солардың қатарында Мырқы Жансая, Мархабай Оралхан және Қонысбай Бақжан бар. Олар былтыр халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» мен «Білім-инновациясы» халықаралық қоғамдық қоры ұйымдастырған шығармашылық байқауда ерекше дарынымен көзге түсіп, 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал Мархабай Оралхан тіл байлығы мен ой өрнегін шебер үйлестіргені үшін «Үздік жазушы» номинациясына ие болған.

Биыл да мектептің білім бәйгесіндегі белесі биік болды. Ауыл мектептері оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өтетін республикалық олимпиадаға 49 оқушы тіркеліп, олардың 24-і облыстық кезеңге жолдама алып, 19-ы жүлделі орынға ие болған. 7 оқушы республикалық кезеңге өтіп, мектеп мерейін асқақтатты. «Дарын» республикалық ғылыми жобалар байқауына аудандық кезеңде 9 оқушы бақ сынап, 2 оқушы облыстық кезеңге қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Мектептің білім мен ғылым жолындағы ізденісі толастамақ емес. Алда өтетін «Зерде» ғылыми жобалар байқауына да қызығушылық жоғары. Биыл бұл сайысқа 56 оқушы тіркеліп, дайындық жұмыстары қызу жүруде. Мектептің алдағы жоспары да мазмұнды әрі жан-жақты. Оқушылардың тек пәндік білімін ғана емес, өмірлік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспарда тұр. Алдағы уақытта қаржылық сауаттылық,

философия бағыты бойынша ағылшын тілінде өтетін байқауларға қатысу жоспарланған.

Былтырғы оқу жылы мектеп тарихындағы жарқын жетістіктердің бірімен есте қалды. Білім сапасы мен оқушылар жетістігі жоғары бағаланып, оқу-тәрбие бағытындағы жүйелі еңбектің нәтижесінде республика бойынша «Үздік 100 мектеп» қатарына енді. Абыройлы атақ – білім мен тәрбиені қатар ұштастырған ұжымның еңбегіне берілген әділ баға, мектеп мерейін асқақтатқан зор жетістік.

Ұстаздар еңбегі еселі

Мектеп дәлізімен асыр салып жүрген оқушылардың жанынан өте бере көзім сары таятйшаға жазылған «Абайтану» кабинетін демде байқады. Сынып төрінде бейнеленген алып тұлғаның айбарлы бейнесі келер ұрпағына өнеге беріп тұрғандай. Бұл – тек оқу бөлмесі емес, ұлт рухының ұясы. Осындай рухани мазмұндағы кабинеттер мектеп ішінде тағы да бар. Ұлы тұлғалардың өмірі мен еңбегіне арналған бұл бөлмелер – Темірбек Жүргенов, Әб-шекен Әбжаппарұлы, Серікбай Тұрсынбайұлы, Рабига Тасбергеновқы атына берілген кабинеттер.

Мұндағы ұстаздар да сол дана тұлғалардың жолын жалғап, асыл мұраны шәкірт бойына сіңіріп жүр. Мектептің білім сапасын арттырып, жас ұрпаққа тағылымды тәрбие беріп жүрген ұжымда бүгінде 108 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде 38-і – педагог-зерттеуші, 31-і педагог-сарапшы, 34-і педагог-модератор. Өрқайшысы – өз ісінің шебері, жаңашылдық пен ізденісті ұштастырып, шәкірт бойына білім мен руханиятты нұрын себуде.

Мектепте оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге, қабілетін ұштап, талантын шыңдауға бағытталған он үйірме тұрақты жұмыс істеп келеді. Үйірме бағыттары да саналуан, асық ату мен қол добы секілді спорттық ойындардан бастап, волейбол мен баскетбол сынды командалық спорт түрлері қамтылған. Сондай-ақ домбыра, тігін мен шахмат үйірмелері ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыруда. Ал робототехника үйірмесі – заманауи білім мен технологияны ұштастырған жаңа буын жастарының шығармашылық алаңы іспетті.

Робототехника үйірмесінің жетекшісі Бағлан Тұрмаханов бүгінде жаңашыл жобаларымен көзге түсіп жүр. Ол оқушылармен бірге автоматтандырылған анти-септік құрылғысын құрастырыпты. Нағыз жаңашылдық – осында. Болашақта қолданысқа енгізуге болатын бұл құрылғыны небәрі үш күнде жасап шыққан. Тіпті облыстық байқауда үздік деп бағаланып, жүлделі орын иеленіпті. Әр деталі, әр сантиметрі экранда айқын бейнеленген. Ыждаһаттылықпен түсіндіріп, ғылыми тілде сөйлеген сәтте өзіңді зерт-

хана ортасында отырғандай сезінесің. Ойым дайын құрылғыда. Қайта автоматтандырылған антисептік жанына барып, қолымды жақындатқан сәтте өзіңнен іске қосылды. Шағын ғана жаңалық болса да, үлкен еңбектің жемісі.

– Әлі де ойдағы жобаларымыз көп, бұған дейін де бірнеше идеяны жүзеге асырғанбыз. Сабақ барысында құрастырып, кейде қайта тарқатып, жетілдіріп отырамыз. Қазір дайын тұрғаны – осы, – дейді үйірме жетекшісі Байсалды күлімдеп.

Осындай жаңашыл ұстаздар бар жерде мектептің алға қарай дамуы – заңдылық. Мектептің биік табыстары мен шәкірттердің жеңістері де – дәл осы ұстаздардың қажырлы еңбегі мен шығармашылық серпінінің нәтижесі.

Мектептің мүмкіндіктері кең

Алтын уяда оқушылардың денсаулығы мен күнделікті тамақтануына ерекше мән беріледі. Бүгінде 416 оқушы ыстық тамақпен қамтылған. Бұл – білім ордасындағы оқушылардың жартысына жуығы дұрыс әрі сапалы ас ішіуін қамтамасыз ету деген сөз. Әсіресе әлеуметтік тұрғыдан қолдауды қажет ететін 83 оқушы мектеп асханасында тегін ыстық тамақ ішеді.

Мәзір күнделікті қадағаланып, пайдалы тағамдар мен дәмдермендегі бай ас түрлері ұсынылады. Асхана қызметкерлері де санитарлық талаптарды сақтай отырып, әр баланың денсаулығын басты назарда ұстайды.

Жазғы демалыс та мектеп оқушылары үшін көңілді әрі пайдалы өтті. Былтыр 30 оқушы ауданымыздағы «Ақтерек» лагеріне тартылып, ұмытылмас сәттер мен жаңа достар тапты. Сондай-ақ бір оқушы «Бөбек» лагеріне жіберілсе, тағы бір оқушыға «Балдауарен» лагеріне жолдама берілген. Оқушыларға жаңа тәжірибе мен қуанышты естеліктер сыйлаған жазғы бөлсенділік рухани шынығуға таптырмас мүмкіндік берді.

Сұхбат барысында мектеп педагогтары мен оқушыларының жетістіктеріне куә болдық. Республикалық және облыстық деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми жобалар мен шығармашылық байқаулардағы жүлделі орындар мектептің бүгінгі білім сапасын айқындап берді.

Қорыта айтқанда, Темірбек Жүргенов атындағы 123 мектеп-лицей – білім мен тәрбие ошағы ғана емес, ізденіс пен дамудың мекені. Үздіксіз іздену үстіндегі ұстаздар мен жаңашылдыққа бағыт алған шәкірттер бар мектептің болашағы да айқын. Білім ордасының бүгінгі тынысына көз қуанып, марқайып шыққанымыз осы еді, мектеп ауласынан ұшқан алпақ кептер көкке қалықтады. Сол алпақ қанаттармен бірге алтын уяның үміті мен арманы көкке ұмтылғандай әсер қалдырды.

Маман мерейі

Ағылшын тілі – әлемдік тіл, байланыс пен мәдениеттің көпірі. Шет тілінің терең қыр-сырын келер ұрпаққа жеткізуді өз мақсаты санайтын Әйгерім Ысқақова – Темірбек Жүргенов атындағы мектеп-лицейдің тәжірибелі ұстазы. Бүгінде 20 жылдық мол педагогикалық жолдан өткен білікті педагог сабағы тек тіл үйретумен шектелмейді. Ол әрбір сабақта шығармашылыққа, ізденімпаздыққа және өмірге деген қызығушылыққа жол аша біледі. Оның шәкірттері үшін ағылшын тілі – тек пән емес, өзінді жетілдірудің кілті.

Білікті педагог



– Иә, әр жақсылықтың бір себебі болады. Оқушы кезімде менің Әлия Шөменова деген ұстазым болды. Сол кісі ерқашан «Тіл білсеңдер, әлемді аралайсыңдар» деп жиі айтатын. Апайдың үнемі қайталай беретін бұл ойы менің есімде қатты сақталып қалды. Сол кезде туындаған ынта мен қызығушылық бүгінгі менің ағылшын тіліне деген махаббатымының негізі, – дейді тәтті естелігімен бөліскен Әйгерім Жарқынбекқызы.

Сол бала арманының ықпалымен Алматы қаласындағы Абай педагогикалық университетіне оқуға түсіп, оны сәтті аяқтайды. Кейін Қызылорда қаласында магистрлік білім алады, ал қазіргі уақытта Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетін бітірген. Жаңашыл педагог ағылшын тілі сабақтарында оқылымды үйретудің тиімді әдістерін зерттеп, диссертациялық жұмысына дайындалып жүргенін айтты.

Әзі бала тәрбиелеп жүрсе де, балалық көңілін сақтап қалған мұғалім бейнесі алдында тұрды. Әр сөзін мұқият айтып отыр. Дауыс екпініне қарап-ақ оның жұмысына деген құлшынысын аңғарасыз. Айта кетейік, ұлағатты ұстаз бүгінге дейін үш сыныпқа жетекшілік еткен. Оның оқушылары Қазақстанның әр қаласында білікті маман атанды. Енді бір шәкірттері аталған білім ордасында ұстаздың жолын жалғап жүр. Сынып жетекші шәкірттің жүрегінен орын тапса, ол өмірлік ұстазға айналады. Иә, мұндай ұстаз тек білім беріп қана қоймай, әр шәкірттің ойы мен сезімін түсініп, оны дұрыс жолға бағыттайды.

– Былтырғы оқу жылында бітірткен сыныбымды, шынын айтсам, бір ізге түсіру оңайға соқпады. Тентектермен дос болуға тура келді. Сабақтан көйін өңгімелесіп, олардың қызығушылығын білдім. Біртіндеп олар маған сенім артып, өз ойларын айып айта бастады. Сол кезден бастап сабақтағы төртіп те жақсарды, ал бұрынғы тентектер енді басқа оқушыларға үлгі бола бастады. Өртүрлі тәрбиелік шаралар, мамандық таңдауға байланысты тренингтерде үндемейтін, түйық оқушыларымың өз пікірлерін еркін айтып, белсенді бола бастағанын көңіл қуантты. Көпшілік, тіпті ата-ананың өзі сенімсіз көзбен қараған сыныбымының оқушылары облыстық семинарда тәрбиелік шараны өте жоғары деңгейде алып шықты. Мен үшін бұл жаңа тәжірибе емес, шәкірттің өзіне деген сенімін оятқан үлкен жеңіс еді, – дейді үлкен үміті ақталған білікті ұстаз.

Шәкірттерінің әр жетістігінің кеудесіндегі мақтанышпен баяндап берді, өйткені сынып жетекші болудың ең үлкен қуанышы – оқушының өзгеріп, өзіне сенім орта бастағанын көру. Балаға шын жанашырлықпен қарасан, ол міндетті түрде мейірімге жауап беріп, жақсы жаққа өзгеретінінің айқын дәлелі.

Бүгінде Әйгерім Жарқынбекқызының шәкірттері түрлі олимпиадалардан жүлделі орын алып, өз білімдерін дәлелдеп жүр. Облыстық жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жоба байқауы, «Зерде» ғылыми жоба байқауынан, ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінен оқушылары Ф.Менлібай, Б.Съезд, Н.Нұрбек, Б.Есалиева, А.Бағдат жеңіс биігінен көріне білді.

50-ден астам мақала авторы «Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы» акционерлік қоғамында тренер ретінде де курс жүргізген. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ғылыми қызметкерлерімен бірлесе отырып «Тілдерді оқыту стандарты және оны іске асыру» бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу бойынша жұмыс тобының құрамында болып, әдістемелік ұсынымдар жазды.

Білім бөліскен сайын көбейеді, тәжірибе тараған сайын тереңдейді. Қазіргі таңда білгенімен бөлісіп, әріптестеріне коучингтер де жүргізеді. Ізденімпаз мұғалім өз авторлық бағдарламасы арқылы оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуға бағытталған PISA үлгісіндегі мәтіндерді ұсынып, олардың ойлау және шығармашылық қабілетін жетілдіруде. Бұл әдіс сонымен қатар мәтінді терең түсіну мен ой қорытындылау, аналитикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ұстаздың ерен еңбегі елге те жүр. Облыстық «Үздік ағылшын тілі пәнінің мұғалімі», «Педагогикалық идеялар понарамасы», «Үздік ҚМЖ» кәсіби байқауларынан, республикалық «Үздік авторлық бағдарлама – 2022», «EDU Stream JULDYZDARY», «Қазақстан мұғалімі – 2024» ұлттық байқауларынан жүлделі орын иеленді. Солардың ең айшықтысы – «Үздік педагог – 2023» республикалық байқауы. Айтұлы білім бәйгесінің облыстық кезеңінде облыс әкімінің 1 035 000 теңге сыйақысымен марапатталды.

Ізденіс пен табандылық – ұстазды нағыз шеберге айналдыратын ең үлкен күш. Білімді жастар – жарқын болашақтың көпірі. Сол болашақтың жарқын болуы ұстаздардың адал еңбегі мен тыңғылықты ізденісіне байланысты. Сондықтан ұстаздар алдында тұрған міндет – ұшантеңіз, ал оны абайроймен атқару – әр мұғалімнің қасиетті борышы.

Әйгерім Ысқақова – өз саласының шебері, білікті ұстаз әрі көпбалалы ана. Оның тәжірибесі мен білімі өлі алда көп жандарға жол көрсетіп, үлгі болары анық.

Бетті дайындаған Гүлжан ЕСЖАН

Сараптама

Лизинг: жеке азаматтарға қандай мүмкіндік берілмек?

Қолданыстағы автолизинг бағдарламалары туралы естіңіз бе? Автокөлікті жалға алып жүріп, оны өз меншігіңізге айналдыруға болатынын білесіз бе? Несие мен лизингтің айырмашылығы бар ма? Қайсысы тиімді, қайсысы қауіпсіз? Бұл жүйе жекелеген тұлғаларға қолжетімді ме? Осы және басқа да сұрақтар бүгінде көпшілікті толғандырады. Себебі автолизинг заманауи қаржылық құрал ретінде елімізде жаңа қарқынмен дамып келеді. Бүгін осы сауалдардың мәніне үңіліп, жүйенің тиімді тұстары мен мүмкіндіктерін тарқатуға тырыстық.



Президент пәрменімен Үкімет экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар жобаны қолға алды. Солардың қатарында қарапайым халықтың жаңа көлік тізгіндеуіне мүмкіндік беретін жеке азаматтарға лизингпен көлік рәсімдеу мүмкіндігі де бар.

Бүгінде жауапты органдар бағдарламаның тетігі мен оның негізгі шарттарын анықтау үшін заңнамаға өзгерістер енгізу жайын қарауда. Қазан айының соңында Сауда және интеграция министрлігі көлікті лизингке алуға мүмкіндік беретін сауда ережелеріне енгізілген өзгерістер туралы «Ашық үкімет» порталында жариялады. Бірақ онда лизингпен жаңа автокөлік алу жолдары, ережелері, шарты әлі нақтыланбаған.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Қазақстанда бастапқыда лизингке жаңа көліктер, кезек-кезеңімен пайдаланылған көліктерді де ұсынылуы мүмкін екенін айтады. Мұндай көліктердің шекті бағасын белгілеу лизингтік компаниялардың құзіретіне қалдырылмақ. Сарапшылардың өз айтары бар, яғни елімізде лизинг бағдарламасы сәтті жүзеге асу үшін оның шарты, төлем мөлшері әдеттегі автөнесиеден төмен болуы керек дейді.

Қазіргі таңда елімізде көлік иеленудің қолжетімді әрі тиімді жолдарының бірі – лизинг жүйесі. Бұл ұғым алғашында қарапайым жалға алу түрі ретінде басталып, бүгінде қаржы саласының маңызды тетігіне айналып үлгерді.

Автокөлік лизингінің түп-тамыры өткен ғасырдың ортасында әлемнің ірі экономикалық орталықтарының бірінең, яғни АҚШ-тан бастау алған.

1952 жылы Сан-Францискода «United States Leasing Corporation» атты компания құрылып, қазіргі заманғы лизинг жүйесінің алғашқы үлгісін ұсынды. Алғашқы кезеңде бұл жүйе өндірістік жабдықтар мен ауыр техниканы уақытша пайдалануға беру мақсатында қолданылған болатын. 1980-1990 жылдары лизинг тәжірибесі Азия мен ТМД елдеріне тарай бастады. Жапония мен Корея бұл жүйені заманауи деңгейге көтеріп, технологиялық салада қолданды. Ал Ресейде 1994 жылы алғашқы қаржылық лизингтік ұйымдар құрылып, нарықта жұмыс істі бастады. Осы үдерістер тәуелсіз Қазақстанның қаржы жүйесіне де әсер етпей қойған жоқ.

Елімізде лизинг ұғымы 1990 жылдардың соңында пайда болды. Алғашында бұл жүйе шетелдік қаржы компаниялары арқылы жүзеге асырылып, ірі кәсіпорындар мен шаруашылық құрылымдарына бағытталды. 2000 жылы Қазақстанда «Қаржылық лизинг туралы» заң қабылданып, бұл сала ресми түрде заңды мәртебеге ие болды. Бұл – отандық лизинг жүйесіндегі қалыптасу кезеңі.

2005-2010 жылдары автокөлік лизингі қарапайым халық арасында да кеңінен тарала бастаған. Ірі банктер мен автосалондар жеке тұлғаларға арнап жеңілдетілген бағдарламалар ды іске қосты.

Несие ме, лизинг пе?

Екеуі де бір қарағанда ұқсас көрінгенмен, мазмұны жағынан да, тиімділігі жағынан да айырмашылықтары бар. Несие – белгілі бір көлемдегі қаражатты банктен алып, оны белгіленген пайызбен

қайтаратын қызмет. Ал лизинг – бұл көлікті лизингтік компания сатып алып, оны белгілі бір мерзімге пайдалуға беретін жүйе. Бір сөзбен айтқанда, сіз көлікті жүргізесіз, төлем толық өтелген соң ғана меншік иесі бола аласыз.

Мысалы, 10 миллион теңге тұратын жаңа көлікті алайық. Егер оны банк несиесімен алсаңыз, жылдық 18 пайыздық мөлшерлеменен 5 жылға алған жағдайда ай сайын шамамен 254 мың теңге төлеуіңізге тура келеді. Бұл мерзім ішінде жалпы төлем сомасы 15 миллион теңгеге жуықтайды. Демек көлік құнының үстінен 5 миллион теңгеді артық төленеді деген сөз. Ал сол көлікті лизинг арқылы алу жағдайында шарттар өзгеше.

Көп жағдайда бастапқы жарна 20 пайыз шамасында болады. Сіз 2 миллион теңге төлейсіз де, қалған қаржыны лизингтік компания өтейді. Төртжылдық мерзіммен жылдық 14 пайыздық мөлшерлеменен ай сайынғы төлем шамамен 200 мың теңгені құрайды. Жалпы төлем көлемі 11,6 миллион теңгеден аспайды. Мұндай жағдайда артық төлем шамамен 1,6 миллион теңге болады. Бұл несиемен салыстырғанда әлдеқайда тиімді. Тек үлкі шарт аяқталғанға дейін компанияның атына тіркеліп тұрады.

Бизнес саласында лизинг жүйесінің тиімділігі айқын. Өйткені кәсіпкерлер көлікті немесе техниканы өз атына алмай-ақ, лизинг арқылы пайдалана алады және ай сайынғы төлемдерін шығын ретінде бухгалтерлік есепке қосып, салықтық жеңілдікке ие болады. Бұл – шағын және орта бизнес үшін үлкен мүмкіндік. Сонымен бірге соңғы жылдары жеке тұлғалар арасында

да автолизингке сұраныс артқан. Себебі рәсімдеу уақыты қысқа, құжат аз, кепіл қою талап етілмейді және ай сайынғы төлемнің мөлшері де несиеден төмен.

Жалпы алғанда несие мен лизингтің екеуінің де өзіндік артықшылықтары бар. Егер адам көлікті бірден өз атына тіркеуді қаласа, онда несие ыңғайлырақ. Ал егер басты мақсат ай сайынғы төлемді азайтып, рәсімдеуді жеңілдету болса, онда лизинг тиімді таңдау болмақ.

Қазіргі таңда Қазақстанда лизинг нарығы жыл сайын дамып келеді. Елде лизингтік портфельдің шамамен 28 пайызы көлік саласына тиесілі. Бұл көрсеткіш халықтың лизингке деген сенімінің артқанын аңғартады. Тұтынушы үшін бастысы, өз табысына лайық, ұзақ мерзімді тиімді шешімді таңдай білу.

Талаптар қандай?

Бүгінде қазақстандықтар арасында «көлікті сатып алу емес, пайдаланудың тиімді тәсілін таңдау» мәдениеті қалыптасып келеді. Бұл – қаржы сауаттылығының, ал тиімді шешім қабылдау – жаңа буын тұтынушының белгісі. Бүгінде елімізде автолизинг ұсынымын бірқатар компания жұмыс істейді. Олардың ішінде Halyk Leasing, Eurasian BCC Leasing, Nur Leasing және басқалары бар.

Лизинг рәсімдеу үшін ең алдымен жеке тұлға немесе заңды тұлға болуы шарт, яғни көлікті жеке жүргізуші де, кәсіп иесі де ала алады. Компаниялар лизинг берер алдында үміткердің төлем қабілеттілігін тексереді, табыс көзі барын растау маңызды. Бастапқы

жарна әдетте көлік құнының 15-20 пайызын құрайды. Мәселен, 10 миллион теңгелік көлік алғысы келген азамат, 1,5-3 миллион теңге көлемінде алғашқы төлем жасайды. Лизинг мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейін, ал жүк немесе арнайы техника алған кәсіпкерлер үшін 7 жылға дейін ұзартылуы ықтимал. Нарықтағы орташа көрсеткіш 14-22 пайыз аралығында болса, мемлекеттік субсидияланған лизинг бағдарламалары бойынша пайыз 6-8 деңгейде сақталып отыр.

Жеке тұлғалар үшін қажетті құжаттар көп емес. Жеке куәлік пен табыс көзі туралы анықтама жеткілікті. Ал заңды тұлғалар компания тіркеу куәлігін, қаржылық есепті, көлік таңдау туралы өтінішті тапсырады. Құжаттар қабылданған соң келісім-шарт рәсімделіп, көлік лизинг беруші компания атына тіркеледі. Бұл жүйенің бір артықшылығы, сақтандыру, салық және техникалық қызмет көрсету рәсімдерін лизингтік компания өзі қадағалайды. Тұтынушы тек көлікті пайдаланып, ай сайын төлемін уақытылы өтеп отырады. Мамандардың пікірінше, лизинг – ұзақмерзімді сатып алуға тиімді құрал. Мысалы, кәсіпкер бір мезетте үлкен қаражатты шығындамай-ақ бірнеше көлікті пайдалана алады. Бұл – әсіресе жүк тасымалы, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсетуде жақсы мүмкіндік.

Нарықта лизинг өсіп келеді

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша жалпы Қазақстанда тіркелген автокөлік құралдарының саны 6,3 миллионға жетіп отыр. Ал жыл басындағы лизингтік портфель

көлемі 2,7 триллион теңгені құрап, бір жыл ішінде 45,6 пайызға өскен. Қазір лизинг нарығында 300-ге жуық компания жұмыс істейді, алайда барлық операциялар көлемінің 93 пайызы өнеркәсіпті дамыту қоры мен ҚазАгроҚаржыға тиесілі. Ал жеке компаниялардың портфелі лизингтің жалпы көлемінің 7 пайызын құрайды.

Лизинг экономиканың негізгі секторларында белсенді қолданылады. Салалық бөлініс бойынша өнеркәсіпте – 226,3 пайыз, ауыл шаруашылығы бойынша – 225,7 пайыз. Өткен жылы банктердің бизнеске несие беруі 16,3 пайызға өскен. Бизнес субъектілері арасындағы қарыз алушылар саны да 20 пайызға артып, 533 мыңға жеткен. Бұл тұрғыда қаржы нарығындағы лизингтің өсіп келе жатқаны байқалады.

Лизинг – жаңа құрал. Егер пайыз төмен болса, бұл халыққа пайдалы болмақ. Ал жоғары болса, коммерциялық өнімге айналары белгілі. Халықтың басым көпшілігі «пайыз жоғары болған жағдайда лизинг несиеден де қымбат болуы мүмкін» деп алаңдайды. Сондай-ақ «бағдарлама шын мәнінде кәсіпкерлерге ғана бағытталмай, қарапайым халыққа жетуі керек» деген де пікірлер бар.

Дегенмен қазіргі таңда лизинг жүйесі Қазақстан экономикасының маңызды тетігіне айналып отыр. Несиеге қарағанда лизинг иілгіш талаптарымен жеңілрек. Сол себепті әсіресе ауылдық жерде шаруалар мен жеке кәсіпкерлер тарапынан сұраныс жоғары. Десе де халық арасында бұл жүйе туралы толық ақпараттың болмауы мен кейбір өңірлердегі құжат рәсімдеу қиындықтары оның дамуын тежейді. Сондықтан алдағы уақытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, шарттарды барынша жеңілдету қажет.

Жалпы алғанда, лизинг – экономикалық өсуді қамтамасыз ететін халыққа да, кәсіпкерге де тиімді құрал. Қолына жаңа техника тиген шаруаның жүзінен қуаныш көресің, көсібін кенейткен кәсіпкердің бойынан жаңа үміт сезесің. Қазір көп азамат банктен несие алуға қорқып, үлкен пайыздан қашады. Ал лизинг жүйесі келгелі бұрын қол жетпейтіндей көрінген көлік те, техника да қолжетімді бола бастады. Шын мәнінде, лизинг – қағаз жүзіндегі бағдарлама емес, адамдардың өмірін өзгертетін нақты мүмкіндік. Ол «еңбек өтсең, елөңесің» деген қағидаңыз өмірдің өзінде дәлелдеп отыр. Алайда жеке тұлғалар үшін лизингтің толық қолжетімділігі әлі толық қалыптаспаған. Сол үшін жеке тұлғаларға арналған лизингтің үлесі нарықта 5-10 пайыз шамасында. Осы себепті жүйенің толық мүмкіндігін жүзеге асыру үшін алда жетілдіру жұмыстарын жалғастыру қажет сияқты.

Гүлжан ЕСЖАН

Мәселе

Жол апаты азаймай тұр



Елімізде жол апаты азаймай тұр, ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы көлік апатының 30 пайызы жол сапасының төмендігінен болады. Алайда жүргізушілер де қауіпсіздікті көбіне қаперден шығарады. Жылдамдықты асырудың арты қайғылы жағдайға ұласқанын талай көріп жүрміз.

Былтыр Қазақстанда 12 660 645 жол ережесін бұзу фактісі тіркелген. Биылғы дерек одан асып кетуі ғажап емес, өйткені қазірдің өзінде тасжолда 9,7 миллион әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 16 700 мас жүргізуші ұсталған.

Бұл мәселеге қатысты депутаттар да дабыл қақты. Олар елдегі жол-көлік оқиғаларының жылдан-жылға артып, адам өлімі мен жарақаттар бойынша статистиканың үрейлі көрсеткішке жеткенін жасырмайды. Биыл қаңтар-тамыз айларында Қазақстанда 22 501 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Одан 32 375 адам зардап шеккен, ал 1 446 адам көз жұмған. Бұл көрсеткішті өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, 7 мыңға көп.

Тасжолдағы трагедиядан 5 жылда 12 267 азаматымыздан айырылыптыз. Оның 8 218-сі – ұр адам, 2 975-сі – әйел, 1 074-і – бала. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, жол апатынан көз жұмғандардың саны бойынша Қазақстан 192 елдің ішінде 107-орында тұр. Ал Дүниежүзілік банк (The World Bank) келтірген мәліметтерге сәйкес, елімізде 100 мың адамға шаққанда жол-көлік апатынан қаза табатындар саны 24-ке тең.

Өткен жылмен салыстырғанда биыл 9 айда адам өліміне немесе ауыр жарақат алуына әкеп соқтырған жол-көлік оқиғаларының саны 41,9 пайыз көбейген. Ең көп өсім Атырау облысында тіркелген, сол апатының саны 162,5 пайызға артқан. Ақтөбе облысында 123 пайыз, Қызылорда облысында 101,9 пайыз жол апаты көбейген.

Дүниежүзілік экономикалық форумның дерегіне сүйенсек, Қазақстан 2024 жылы жол сапасы жөнінен 119 елдің арасында 90-орын алған. Салдарынан еліміздегі көлік апатының 30 пайызы жол төсемінің сапасыздығынан деген қорытынды жасалды. Бұдан бөлек қарсы бағытты көрсетуі тиіс жол белгілерінің, қарапайым сызықтардың болмауы көп кездеседі. Артында автокөліктер қарама-қарсы бағытқа шығып соғылады, салдарынан ондаған адам көз жұмады.

Ауданда жол апатының алдын алуға аудандық полиция бөлімі қызметкерлері нәтижелі еңбек етуде. Енді тек жүргізушілер жолдағы жауапкершілікті сезінсе жеткілікті.

Биыл 9 айда ауданда жол қауіпсіздігіне қатысты 5 188 құқық бұзушылық анықталған. Аудан көлемінде құжатсыз автокөліктерің,

немесе алкогольдік ішімдік ішкен күйде көлік құралдарын басқарғаны үшін және басқа да жол көлік оқиғаларын жасағаны үшін арнайы кент әкімдігіне қарасты автотұраққа 145 автокөлік қойылған. Оның 23-і еш құжатсыз басқарғаны үшін, 11-і автокөлікті масаң күйде басқарғаны үшін, 48-і жол-көлік оқиғаларын жасағаны үшін және 33-і ҚР міндетті сақтандыру туралы заңнамасын бұзғаны үшін қойылған. Басқа да баптарды бұзған үшін 30 автокөлік қойылған.

Жол-көлік оқиғаларын азайту, алдын алу бағытында «Автобус», «Мотоцикл», «Скутер», «Заңсыз такси», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп», және «Жол қауіпсіздігі апталығы» жедел профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылып, барлығы өз жемісін беруде.

Жалпы жол-көлік оқиғаларының алдын алуға тек полиция қызметкерлері жауапты деген қате түсінік. Бірінші жауапкершілік алдымен жүргізушінің, көлік иесінің өзінде болуы тиіс. Бастысы, баратын жерімізге жылдам емес, аман жету. Сондықтан жолда сақтансаң, сақтығыңның қаперден шығармайық.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1906